«Сөз асылы - мақал»

Мақсаты: Ауыз әдебиеті түрлерін туралы түсініктерін кеңейту
Көрнекі-құралдар: суреттер,ребустар
Әдісі: ойын-сайыс, сұрақ – жауап
Сабақтың барысы:
1. Ұйымдастыру кезеңі.
«Сөз асылы-мақал» атты сайысымызды тамашалауға қош келдіңіздер. Ойынға қатысатын топтарды таныстыру.Топпен жетекшісін тағайындап, ат қою.Әділ-қазылар алқасымен таныстыру
2. Кіріспе бөлім.
- Алдымен айырмашылығы туралы айтайық .
Мысалы, ***«Еңбектің наны тәті, Жалқаудың жаны тәтті»*** деген мақал, өйткені мұнда еңбек еткен адам ер аталатыны жайлы ой анық көрсетіліп тұр.
Ал, мәтелде ой тікелей білдірілмей, тұспалдап айтылады. Мысалы : ***«Арман-адамға қанат»*** Өйткені, мұнда не көрсең де халықпен бірге көр, өз басыңның ғана қамын ойлама деген ой астарлы тұрде беріліп тұр.
«Сөйлей-сөйлей шешен боласың
Көре-көре көсем боласың» дегендей бүгінгі сайысымызды бастайық.





Сайыс 4 кезеңнен тұрады

Бірінші кезеңде берілген мақалдың тақырыбын танықтау
- Мен сендерге кез-келген мақал оқимын, ал сендер сол мақалдың қай тақырыпқа байланысты айтылғанын тауып айтасыңдар.

1. Анасыз өмір, сөнген көмір
2. Ердің атын еңбек шығарады.
3. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ
4. Ақыл жастан шығар,
Асыл тастан шығар.

5. Отан отбасынан басталады.
6. Жақсымен жолдас болсаң жетерсің мұратқа
Жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа.
7. Өнерлі өрге жүзер
8. Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.
9. Дені саудың- жаны сау
10. Тау кезеңсіз болмас,
Өлке өзенсіз болмас



Екінші кезеңде тақырыпқа байланысты мақалды тауып айту
Топтарға мақал-мәтелдер таратылады.Солардың ішінен мәтінге байланысты мақал-мәтелді тауып оқу қажет.
- Қазір мен әр топқа мынандай мақал-мәтелдер таратамын. Сол мақал-мәтелдердің ішінен мәтінге байланысты айтылған мақал - мәтелді тауып оқисыңдар.
Үшінші кезеңде мақал құрастыру қажет.
Әрбір топ жетекшісі тобымен бірге геометриялық пішіндерді жинай отырып мақалдар құрастырады.

Төртінші кезең мақал-мәтелдер айтысы деп аталады
Әрбір топтан бір-бірден қатысушы шығып, кезектесіп мақал-мәтелдер айтады. Қай топ қатысушысы тоқтап қалса жеңіліске ұшырайды.

Әділ қазылар сайыс қорытындысын шығарғанша жаңылтпаш айтамыз.
1. Тау бар, тау бар
Тауда бау бар.

2. Тарау-тарау жолдардың
Тарау-тарау саласы бар.
Салаларының да
Тарау-тарау арасы бар

3. Орманбай-аңшы
Марқабай-малшы
Тұра қап алшы
Құрығынды суға салшы.

Мұғалім: Сайыс соңында сөз кезегін әділ-қазыларға беріп, сайыс нәтижесімен таныс болайық. Жеңімпаздарды құттықтап, мақтау қағаздарымен марапаттау

Қортынды:

Мақал-мәтел дегеніміз – айтылатын ойды қысқаша түрде нақты жеткізу. Мақал-мәтелді көп біліп, қолданатын кісінің сөзге жүйрік, ойы ұшқыр болатыны анық.